

нөмірден
оқитындарыңыз:



Нұрғали МОЛДАХАНОВ:

**Үздік
аурухананың
пациенттері
Шардарада**

5-бетте



**Екі жасар қыздың
аналық безіндегі
ісікті алды**

6-бетте



**Криотерапия
құпиялары**

7-бетте



**Қатерлі ісіктен
сақтануға бола ма?**

11-бетте

Елжан БІРТАНОВ,
Денсаулық сақтау министрі:

**Жаңа кодекс дәрігер
мәртебесін көтереді**

2-бетте

Түркістан облысында Қоғамдық денсаулық басқармасы жариялаған медициналық ұйымдар арасында жарияланған байқаудың 2019 жылғы жеңімпазы Шардара аудандық орталық ауруханасы «Үздік аурухана» атанды. Аталған номинацияны таяуда ғана аталып өткен Медицина қызметкерлерінің күні мерекесіне арналған салтанатты шарада облыс әкімінің орынбасары Жолдымұрат Аманбаевтың өзі арнайы келіп тапсырды. Шалғайда болса да ынтымағы ұйыған ұжымымен үздік аурухана екенін мойындатқан емдеу мекемесінің тыныс-тіршілігі туралы Шардара аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері Нұрғали Молдахановтың өзінен сұрап білген едік.



Нұрғали МОЛДАХАНОВ:

Үздік аурухананың пациенттері Шардарада емделеді

– Нұрғали Слами-динұлы, Сізді және ұжымыңызды Үздік аурухана атауларыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

– Рақмет! Елімізде маусым айының үшінші аптасының жексенбісінде жылда кең көлемде аталып өтілетін Медицина қызметкерлері күні мерекелік шарасында біздің аудандық орталық аурухана абдыстық денсаулық сақтау басқармасының «Ең үздік стационар» номинациясын жеңіп алды. Бұл – ұжымдық жеңіс! Ұжымдық жұмыстың жемісі! Дәл сол мерейімізді тасытқан мерекемізде ауруханамыздың үш қызметкері, атап айтар болсақ, Нұржан Нәсеров пен Бағила Шәмшидинова Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», Мұхаббат Сымайылова «Денсаулық сақтау саласына қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталды. Бекзат Тұтқабай облыс әкімінің Құрмет Грамотасын иеленді. Осы мерекеді 192 кіші санаттағы қызметкерлерімізге сыйақы берілді.

– Бәрекеңді! Сыйақы дегеніңіз жақсы екен...

– Иә, сыйақы бізде ынталандыру мақсатында беріледі. Ынталандыру тек Медицина қызметкерлерінің күнінде ғана емес, еліміздің барлық атаулы мерекелерінде ұйымдастырылады. Атап айтсақ, биыл Наурыз мейрамының қарсаңында 85 әйел қауымына және оның ішінде 4-5 балалы аналарға мекеменің үнемделген қаржысы есебінен 21500 теңгеден сыйақы берілді. Сонымен қатар, жағдайы төмен отбасыларға да айрықша көмек беріліп отырады. Жаңа жыл мейрамы қарсаңында адам жанына араша түсіп, сапалы қызметтер атқарып жүрген және көрсеткіші жоғары меңгерушілер мен аға дәрігерлерге 100 мың теңгеден, ал, аға мейіргерлерге 60 мыңнан теңгеден сыйақы берілді. Оған қосымша кіші буынды қызметкерлерге 20 мыңнан

ақшалай сыйақы тағайындалды. Одан бөлек шаруашылық бөліміндегі қызметкерлерге, стационарлардағы дәрігерлерге де әртүрлі мөлшердегі сыйақылар беріліп отырады.

– Десек те осындай толайым табыстарға қалай қол жеткіздіңіздер? Арыға бармай-ақ, шалғайдағы аурухананың биылғы 6 айдағы тыныс-тіршілігі туралы айтыңызшы...

– Ауруханада 2019 жылдың алғашқы күндерінен бастап, 6 ай ішінде айтарлықтай шаруалар атқарылды. Көктемнің басы 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні кәсіподақ ұйымынан бірнеше қызметкерімізді марапаттаулар, ақшалай сыйлықтар берумен басталды. Ұлттық мейрамымыз Наурыз мерекесінде ауруханамыз киіз үй тігіп, түрлі көрнекіліктерімен, ұлттық нақыштағы безендірілген ұлттық үймен бас жүлдені жеңіп алдық. Сонымен қатар, «Д» есебінде тұратын 42 қызметкерді «Біркөлік», «Ақсу-Жабағылы» секілді шипажайларға жібердік.

Ал, өзіңіз айтқандай биылғы жарты жылдықтағы жетістіктерімізге тоқталсақ, өткен жылдың осы кезеңімен нақты статистикалық деректерді салыстырмалы түрде көрсетуге болады. Мәселен, туберкулез бойынша аурушандық 2018 жылдың 5 айында 22 адам тіркелсе, 2019 жылдың 5 айында 17 болып кеміді. Ал жалпы өлім-жітім 2018 жылдың 5 айы бойынша 128 болса, 2019 жылдың 5 айында 126 болып, 2 адамға кеміді. Бір қуанарлығы 2018 жылдың басынан қазірге дейін біздің ауруханада ана өлімі тіркелмеді. Қан айналым бойынша аурушандық өткен жылмен салыстырғанда едәуір төмендеді. Ал, онкологиялық аурулар бойынша тиісті деңгейдегі емдеу шараларының арқасында тіркелген адамдардың көрсеткіші кеміді.

Сіз шалғайдағы деп отыр-

сыз. Расында да Шардара облыстағы шекара шебіндегі шалғайдағы аудан. Солай бола тұрса да өзін мойындатқан ауруханамызда биыл 9 сәуір күні еліміздің барлық облыстық емдеу мекемелерінің дәрігерлері қатысқан «Ана мен бала өлімін төмендету» бағдарламасы бойынша «Сыр самалында» республикалық конференциясы болып өтті. Конференцияға еліміздің өңірінен 125-ке жуық дәрігер мен акушер-гинеколог қатысты. Астанамыз бен Алматыдағы республикалық орталықтардың бас дәрігерлері, орынбасарлары арнайы келді. Жиында облыстық Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Мұқан Егізбаев біздің ауруханада атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын беріп, шардаралық дәрігерлердің еңбегіне үлкен қолдау көрсетті. Тіпті аталған конференцияның екінші күнінде облысқа іссапармен келген Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Ләззат Ақтаева арнайы ат басын бұрды. Вице-министр аудандық ауруханада дәрігерлердің республикалық тәжірибе алмасу конференциясын өткізудің үлкен жетістік екенін атап айтты.

Іс тетігін маман шешеді. Мақтанып кетті деменіз, бірақ, осы мойындалған қағиданы естен шығармай, ауруханамыздың жетістіктері мамандарымыздың деңгейімен жеткізгенді жөн көріп отырмын. Атап айтсақ, 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Дені сау ұрпақ – Мәңгілік елдің кепілі» тақырыбында облыс орталығы – Түркістан қаласында өткізілген іс-шараға 9 қызметкеріміз қатысып, бірінші орынды жеңіп алдық. Оған өзіңіз құттықтап отырған Үздік аурухана атанғанымызды қосыңыз... Бұл жеңістің барлығына қызметкерлердің адал еңбегі мен халыққа деген қамқорлығының арқасында қол жеткіздік деп

санаймын.

– Ауруханадағы елеулі жаңалықтың бірі – компьютерлік томография орнатыпсыздар. Өзіңіз айтқандай іс тетігін шешетін мамандарыңыз Шардарада бұрын соңды болмаған медициналық аппаратпен жұмыс жүргізе ала ма?

– Иә, Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысы Мұқан Кеңесбекұлының тікелей қолдауымен заманауи компьютерлік томография осы жылдың мамыр айында әкелінді. Қазір іске қосу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осы құрылғыны игеру үшін арнайы екі дәрігер Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларына оқуға барып, біліктілігін арттырып келді. Үш рентген лаборанттары Шымкент жоғары медицина колледжіне арнайы жіберіліп, тәжірибе жинақтады. Құрылғыны игеруге байланысты Ресей федерациясының астанасы Мәскеуден мамандар келіп, машықтандыру жұмыстарын жүргізуде. Енді халық облыс орталығына және өзге қалаларға бармай-ақ, осы жерде компьютерлік томографияға түсетін болады.

– Мамандардың біліктіліктеріне, кәсібиліктеріне, тәжірибе алмасып, білімдерін практикада жетілдіруіне көбірек көңіл бөлетіндеріңіз байқалады. Дегенмен, еліміздің шалғай аудандарында, әсіресе, алыстағы ауылдарында мамандар тапшылығы әлі де болса кездеседі. Сіздерде ше, мұндай проблема бар ма?

– Әрине, бізде бәрі керемет, мамандар жеткілікті деп айта алмаймын. Бірақ, еліміздің шалғайдағы өзге аудандарына қарағанда көшілгері екеніміз анық. Сондықтан бізде дәрігерлер толыққанды жеткілікті дей алмаймын. Солай екен деп қол қусырып қарап отырғанымыз жоқ. Нақтылап айтатын болсам, дәл бүгінгі таңда

дәрігер анестезиолог-реаниматолог, дәрігер зертханашы, акушер-гинеколог, педиатр және жалпы тәжірибелі дәрігерлер бойынша мамандарды жұмысқа тарту көзделіп отыр. Бұған қатысты «Бос жұмыс орындар» жәрмеңкесіне кадр бөлімі қатысып, Алматы, Шымкент қалаларына барып жұмысқа шақыру бойынша іс жүргізуде. Атап айтқанда «Елбек.kz» порталына 16 жұмыс орны бос деп хабарландыру беріп, 12 маманды жұмыспен қамтуға сұраныс білдірдік. Осы жұмыстар оң нәтиже береді деп сеніп отырмыз, сол кезде маман тапшылығы да едәуір қысқаратын болады.

– «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен келгендер жоқ па?

– Аталған бағдарламамен Қоссейіт, Ұзыната, Алатау батыр, Қызылқұм және Ақалтын ауылдық округтеріне жалпы тәжірибелі дәрігерлер келді. Сол ауылдарға орналастырылған мамандар әлеуметтік пакет көмегін алды. Әрқайсысына 1 миллион теңгеден берілді. Мұндай қаржылай көлемде қолдау елімізде тек Түркістан облысында жүзеге асып келеді. Қоғамдық денсаулық басқармасы басшылығының табандылығының арқасында ауылдарға баратын мамандарға берілетін қайтарымсыз қаржы биыл облыс әкімінің қолдауымен, облыстық мәслихаттың шешімімен 1,5 миллион теңгеге көбейді. Батысы – бізге келген мамандардың барлығы баспанамен қамтамасыз етілді.

Одан бөлек қаладағы сырттан келген 7 дәрігер аудан әкімдігінің қолдауымен қызметтік пәтерлерле жайғастырылды. Қазіргі таңда «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен Түркістан, Шымкент секілді қалалар мен көрші аудандардан хирург, акушер-гинеколог және педиатр мамандықтары бойынша дәрігерлер келіп, қызмет атқаруда.

Сізбен сұқбаттасуымыздың осы сәтін пайдаланып, «Диагноз» медициналық газеті арқылы халқымыздың денсаулығын күшейтуге, алдын ала профилактикалық жұмыстарды жүргізуге, ұйымның ауызбіршілігін сақтауға және әрбір сыртқатқа көмек көрсетуге атсалысып келе жатқан әріптестеріме, сонымен қатар ұл-қыздарын болашаққа нық сеніммен қадам басуға тәрбиелеп келе жатқан әрбір ақ халатты ата-анаға ризашылығымды білдіргім келеді. Осыған лайық жұмыстарды атқарып жүрген барша қызметкерлердің деніне саулық, отбасыларына амандық, тек қана жетістіктер тілеймін!

Әңгімелескен
Ж.ТЕМІР